

Ақтөбе қаласының мәслихаты

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық
мәслихатының 2019 жылғы 22
қарашадағы № 485 шешімі.
Ақтөбе облысының Әділет
департаментінде 2019 жылғы 27
қарашада № 6495 болып тіркелді.
Күші жойылды - Ақтөбе облысы
Ақтөбе қалалық мәслихатының
2020 жылғы 12 тамыздағы № 575
шешімімен

Маслихат г. Ақтөбе

**Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 17
«Ақтөбе қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және
демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы»
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының
12.08.2020 № 575 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа
енгізіледі) шешімімен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан
Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы»
Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы
«Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер
және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы» Заңының 10-
бабына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 17 «Ақтөбе
қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен
демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» (Нормативтік
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4869 болып тіркелген, 2016
жылғы 4 мамырда «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық
актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесі
өзгерістер енгізілсін:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

2-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«2) Қалалық мәдениет Үйінің ғимараты алдындағы алаң (Жеңіс даңғылы, 31);»;

2-тармақтың 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«3) «Геолог» мәдениет Үйінің ғимараты алдындағы алаң (Қарғалы тұрғын алабы, Матросов көшесі, 30 А);»;

2-тармақтың 5) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«5) «Өнер орталығы» ғимараты алдындағы алаң (Әбілқайыр хан даңғылы, 90 Б);».

2. «Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді, оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының сессия төрағасы**

А. Утегенов

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы**

С. Шынтасова